Бөлімі:	**3-бөлім. Біздің өміріміздегі роботтар (ортақ тақырыптар: «Тағам және сусын», «Дені саудың – жаны сау»)**
Педагогтің аты-жөні:	**Шайлавов З.Х**
Күні:	**1А, 27.01.2025 1В, 29.01.2025** **1А, 03.02.2025 1В, 05.02.2025**
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Роботпен танысу.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.5.1.1 білім беру роботының негізгі моделін жинау.
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушылар үшін:*** Білім беру роботының бөлшектерімен танысады. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Білім беру роботының моделін жинайды. ***Кейбір оқушылар үшін:*** ***.EV3 роботының модельдерін қызметіне қарай ажыратады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: **1-7 мин.**	***Ширату тапсырмасы. «Сенемін-сенбеймін» ойыны*** Оқушылар шеңбер құрып отырады. Мұғалім тек шындықты айтқан кезде ғана допты қағып алулары керек. Егер жаңылысып, допты қағып алатын болса, онда оған ескерту карточкасы беріледі. Бір ескерту алмаған оқушы «ең зейінді» болып есептеледі. Мұғалім допты кез келген бір оқушыға лақтырып, былай деп айтады: – Піл ұша алады; – Армансыз адам болады; – Мамандықсыз да ақша табуға болады; – Құстар апанда ұйықтайды; – Балықтар құрлықта өмір сүреді; – Армандар орындалады; – Ұшпайтын құстар да болады; – Күлкі адам өмірін ұзартады, т.с.			
4. **Топтастыру:**	Оқушылар шеңбер бойында тұрып үш-үштен санап, үш топқа бірігеді. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, критерийлерімен таныстыру.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. ***«Миға шабуыл» әдісі.***	***«Ой қозғау» әдісі.*** Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында төменде берілген сұрақтарға жауап береді.	✔ Ойыншық робот құрастырып көрдің бе? ✔ Робот қандай бөлшектерден тұруы мүмкін?	**ҚБ:** Мұғалім сұраққа жауап беруде белсенділік көрсеткен оқушыларды ***«Отшашу» әдісі*** арқылы бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық.	**Жаңа сабаққа кіріспе. Оқулықпен жұмыс істеу (МК, Ұ): «Мәтінмен жұмыс» әдісі** Тапсырмалар:			

	● мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу; ● әр бөлікке атау беру; ● мәтіндегі оқуға орын алған жерлерді атау; ● мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну. Оқулықтағы мәтінді оқиды. Өзара талдау жүргізеді. Мұғалім дұрыс жауапқа бағыттап, тексеріп отырады.			
Сабақтың ортасы (26 мин)	**Практикалық жұмыстар:** ***(Ө)*** 3-суретте мультфильм кейіпкері бейнеленген. Осы роботтың дене мүшелері 2-суреттегі робот бөлшектерінің қайсысына сәйкес келеді? Салыстыр.	**Дескриптор:** - Берілген робот кейіпкерінің бөлшектері 2-суреттегі роботтың негізгі бөлшектерінің қайсысымен сәйкес келетінін анықтайды. - Екі роботтың бөлшектерін салыстырады.	**ҚБ:** Мұғалім тапсырма орындауда белсенділік көрсеткен оқушыларды ***«Отшашу» әдісі*** арқылы бағалайды.	
	(Ө) Роботтың бөлшектеріне назар аудар (4-сурет). 2-суретті пайдаланып, оның 4 негізгі бөлігін атауын ұсын.	**Дескриптор:** - Жұптасып суретпен танысады. - Роботтың бөлшектерін роботтың негізгі бөлшектерімен салыстырып айтады.	**ҚБ:** Мұғалім жұптық жұмыста белсенділік көрсеткен оқушыларды **«Отшашу» әдісі** арқылы бағалайды.	
	Жұмыс дәптеріндегі №1тапсырманы орында. *(Тапсырмада 4 түрлі роботтың жобалары берілген. Кестеге модельін, робот атауын және оның қызметін кестеге жазады)*	Төменде роботтың түрлері берілген. Кестені толтыр. Бұл роботтар – қандай мәшинелердің модельдері? Оларға атау бер. Қызметін жаз.	***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағаланады: «*Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»*	Жұмыс дәптері. 26-бет

	*****. (Т)** Төмендегі суретте EV3 роботының модельдері берілген. Роботтар қандай қызмет атқарады?	**Дескриптор:** - Топтасып берілген суреттермен танысады. - Роботтардың атқаратын қызметтерін анықтайды.	**ҚБ:** Мұғалім топтық жұмыста белсенділік көрсеткен оқушыларды ***«Отшашу» әдісі*** арқылы бағалайды.	
	Жұмыс дәптеріндегі №2тапсырманы орында. (*Тапсырмада берілген суретке қарап, арнайы кестеге басқару блогын, моторларын, датчиктерін, құраушы бөлшектерін ретімен жазып шығады*)	Бөлшектері нөмірленген роботтың суретіне қара. Бөлшектің нөмірлерін кестенің тиісті бөліміне жаз.	***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағаланады: «*Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!*»	Жұмыс дәптері. 27-бет
Сабақтың соңы 7 мин. **Сабақты бекіту. Рефлексия.**	**(Д).** Оқушылар төменде берілген қорытынды сұрақтарға жауап береді.	✔ Бүгін мен не білдім? ✔ Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім? ✔ Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? ✔ Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?	**ҚБ:** Мұғалім тапсырма орындау барысында белсенділік көрсеткен оқушыларды **«Отшашу» әдісі** арқылы бағалайды	Интерактивті тақта
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».		***«Отшашу» әдісі***	Денсаулық сақтау технологиялары.	

Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2: